



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 21 ақпан

Ұлттық Банкте ипотекалық қарыз алушылармен, қоғамдық бірлестіктермен және журналистермен кездесу өтті

21 ақпанда Ұлттық Банкте ҚР ҰБ өкілдерінің ипотекалық қарыз алушылармен, қоғамдық бірлестіктермен және журналистермен ағымдағы жылы алғаш рет кездесуі өтті. Онда ипотекалық қарыз алушыларға жәрдемдесу бойынша, атап айтқанда, ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бойынша үш жылдық жұмыс нәтижелері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметтің одан әрі бағыттары талқыланды.

ҚР ҰБ Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев Қазақстанда Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыру жалғасып жатқандығын хабарлады және Бағдарлама бойынша негізгі деректерді келтірді.

Мәселен, бүгінгі күні 220 млрд. теңге жалпы сомаға қайта қаржыландыруға шамамен 30 мың өтінім қабылданды. Олардың ішінде 147,3 млрд. теңге жалпы сомаға 23,7 мың өтінім мақұлданды; 119,7 млрд. теңге сомаға 21 мыңнан астам өтінім қайта қаржыландырылды.

А. Терентьев Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып жеке тұлға – қарыз алушыларды банктер олардың берешегін кешірген кезде туындайтын салықты төлеуден босату жөніндегі шараларды да қабылдады деді. Бүгінгі күні Бағдарламаны кеңейту және оны іске асыру жөніндегі функцияларды Қаржы министрлігінен Ұлттық Банкке беру бойынша жұмыс жүргізіліп отыр. Бағдарламамен 2026 жылға дейін шамамен 40 мыңға жуық ипотекалық қарыз алушылар қамтылады деп болжанып отыр.

А. Терентьев Мемлекет Басшысы 2018 жылғы 10 қаңтардағы халыққа Жолдауында Ұлттық Банкке халықтың валюталық ипотекалық қарыздары жөніндегі мәселені түбегейлі шешуді де тапсырды деп атап өтті.

«Біз жүргізген ипотекалық нарық мониторингі ағымдағы экономикалық жағдайдағы қарыз алушылардың ең осал санатын анықтады, олар – шетел валютасында міндеттемелері бар жеке тұлғалар. Осыған байланысты Ұлттық Банк қосымша тағы да 25 мыңға жуық валюталық қарыз алушыларды қамтитын қолданыстағы Бағдарламаны кеңейтуге кірісті. Осылайша, бұл халықтың валюталық ипотекалық қарыздары бойынша 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қойылған мәселені түпкілікті шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен қоса, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылар мемлекеттік қолдауға мұқтаж. Мұндай азаматтар санатының жалғыз кіріс көзі олардың кредиттерді төлеуі үшін банктерге толық беруге мәжбүр болатын мемлекеттік төлемдері мен жәрдемақылары болып табылады. Қарыз алушылардың аталған санатын қолдау үшін Ұлттық Банк банк заңнамасына банктерге мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде

қарыз алушыларға - бұрынғы меншік иелеріне мүлікті кері сатып алу құқығымен ұзақмерзімді жалға беруге мүмкіндік беретін түзетулерді әзірледі», - деп жалғастырды А.Терентьев.

«Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмысты ескере отырып, реттеуші валюталық қарыз алушыларды шығару рәсімін тоқтата тұру, сондай-ақ кепілге қойылған баспананы сату арқылы борышты өндіріп алу және одан қарыз алушыларды/кепіл берушілерді шығару жөнінде мемлекеттік және жеке сот орындаушылар берген атқарушылық парақтарды кері қайтарып алуды жүзеге асыру ұсынысымен банктердің атына хат жіберді», - деп сөзін қорытындылады А.Терентьев.

«Ұлттық Банктің ипотекалық қарыз алушылармен жұмысы өте маңызды және Қайта қаржыландыру бағдарламасы аса қажет, себебі ол азаматтардың жалғыз баспанасын сақтауға бағытталған. Мемлекет басшысы Ұлттық Банкке халықтың валюталық ипотекалық қарыздарына қатысты мәселені түпкілікті шешуге тапсырма берді. Мұндай жұмыстың жүргізіліп жатқанына біз қуаныштымыз», - деді кездесу барысында «Триумф-5» ҚБ-ның басшысы Қанағат Тәкеева.

«Ұлттық Банкке халықтың валюталық ипотекалық қарыздарына қатысты мәселені шешуге уақтылы тапсырма бергені үшін Президентке алғысымыз шексіз. Теңге бағамының үш рет өзгеруін бастан кешкен қарыз алушыларға өздерінің шетел валютасындағы қарыздарына қызмет көрсету қазіргі таңда өте қиын. Алда үлкен жұмыс тұрғанын түсінеміз және мемлекет пен Ұлттық Банк өз азаматтарын қолдауға дайын екендігіне қуаныштымыз», - деп атап өтті «Ел бірлігі» ҚБО төрағасы Шолпан Ризабекова.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz